

Екібастұз өңірінде өрт сөндіруді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Екібастұз қалалық әкімдігінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 595/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 29 қыркүйекте N 2047 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 15 наурыздағы N 136/3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 15 наурыздағы N 136/3 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" N 19-1 Заңына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2002 жылғы 18 шілдедегі "Өрт сөндіру жөніндегі жауапкерлік іс-қимылдарды орындауға қатысатын өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен өрт сөндіруге тартылған күштер үшін ұйымдардың аумақтарында өрт сөндіру кезінде қажетті күштер мен құралдарды, жанар-жағар май материалдарын, сондай-ақ тамақ өнімдерін және демалыс орындарын ұсыну Ережесін бекіту туралы" N 801 қаулысына, Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 19 шілдедегі "Облыс ормандары, жайылмалар мен дала аумақтарындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы" N 129/5 қаулысына сәйкес және үлкен өртті жою кезінде жедел басқару, адамдар мен техниканы уақытылы жұмылдыру, Екібастұз қаласы мен Екібастұз өңірі объектілерінде мүмкіншілік салдарын жедел және білікті бағалау мақсатында қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес Екібастұз өңірінде үлкен өртке қарсы күрес жөніндегі қалалық жедел штаб құрылсын.

2. Үлкен өртке қарсы күрес бойынша қалалық жедел штаб пен Екібастұз өңіріндегі шаруашылықпен айналысатын объектілермен бірлесіп өзара іс-қимыл жасау нұсқауы және Екібастұз қаласының өрт сөндіру гарнизоны өрт сөндіру бөлімдерінің шығу кестесі бекітілсін.

3. Меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларына :

1) қалалық жедел штаб сұранымы бойынша өртке қарсы Мемлекеттік қызметінің үшінші Мамандандырылған отрядының билігіне үлкен өртті сөндіру үшін көмекші және су таситын техниканың, адамдардың қажетті санын бөліп

о т ы р у ;

2)қаланың өрт сөндіру күзетімен келісілген өз нұсқауларын бекітіп, өрт сөндіруді ұйымдастыру туралы бұйрықтарды шығару;

3)өрт сөндіру және көмекші техниканы жауынгерлік әзірлік дайындыққа келтіру жөнінде ұтымды шаралар қабылдау, өрт сөндіру гидранттарының дайындығын қамтамасыз ету, өрт сөндіру крандарын тиісті нормаларға сәйкес т о п т а у ұ с ы н ы л с ы н .

4.Екібастұз қаласының үшінші мамандандырылған отрядына:

1)ауылдық округтердің өрт сөндіру-техникалық тексеру және табиғи өртті сөндіру кезінде күштер мен құрал-жабдықтардың өзара іс-қимылы бойынша практикалық оқулар жүргізу;

2)өртке қарсы- техникалық станциясының жауынгерлік әзірлік дайындығын т е к с е р у ;

3)Екібастұз өңірі аумағында үлкен өрт сөндіру үшін күштер мен құрал-жабдықтарды тартудың жедел жоспарын тексеруі және түзетуі ұсынылсын .

5.Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.М.Көшімбаевқа жүктелсін.

Екібастұз қаласының

әкімі

Келісілді:

*Екібастұз қалалық төтенше
жағдайлар жөніндегі*

басқармасының бастығы

Екібастұз қалалық ішкі істер

бөлімінің бастығы

*Өртке қарсы мемлекеттік
қызметінің үшінші
мамандандырылған отрядының*

бастығы

Екібастұз

қаласы

әкімдігінің

2003

жылғы

"5"

қыркүйектегі

"Екібастұз

өңірінде

өрт

сөндіруді

ұйымдастыру

туралы"

N

595/9

қаулысымен

бекітілді

Үлкен өртке қарсы күрес бойынша қалалық жедел штаб пен Екібастұз өңіріндегі шаруашылықпен айналысатын объектілермен бірлесіп өзара іс-қимыл жасау НҰСҚАУЫ

Қаланың жедел штабты уақытылы шақыру және оның тәртіпке салынған жедел жұмысы мақсатында келесі тәртіп белгіленеді:

1. Өрт сөндіру байланыс пунктiнiң диспетчерi өрт және төтенше жағдайлар туралы хабарларды қабылдап, өртке қарсы мемлекеттік қызметiнiң үшіншi мамандандырылған отрядының бастығына баяндайды, өртке қарсы мемлекеттік қызметiнiң үшіншi мамандандырылған отрядының жедел тобын шақырады, төтенше жағдайлар жөнiндегi басқармасының кезекшiсiне баяндайды.

2. Қаланың төтенше жағдайлар жөнiндегi басқармасының кезекшi әкiмшiсi төтенше жағдайлар жөнiндегi басқармасының бастығына өрт туралы баяндайды, сонымен бiрге төтенше жағдайлар жөнiндегi басқармасының командалық пунктiнiң кезектен тыс және үздіксіз байланысын қамтамасыз ету үшін қалааралық телефон станциясына өрт немесе төтенше жағдай туралы хабарлайды.

3. Шұғыл жағдай бойынша өрт сөндіру диспетчерi өрт болған жерге қаланың авариялық қызметтерiн жібереді.

1) "Екiбастұзсу" мемлекеттік коммуналдық кәсiпорны;

2) "Горэлектросеть" ашық акционерлік қоғамы;

3) қалалық денсаулық сақтау бөлiмi;

4) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар Агенттiгi жанындағы 3-әскерилендiрiлген авариялық-құтқару отряды;

5) "Транссервис" жауапкершiлiгi шектеулі серiктестiгi;

6) өрт сөндіру поезы, НОРПОЖ-3 өртке қарсы қызметiнiң Павлодар отрядының Екiбастұз НОРП-11 станциясы;

7) Екiбастұз қалалық телекоммуникациялар торабы;

8) қалалық iшкi iстер бөлiмi;

9) "Екiбастұз жылуорталығы" жауапкершiлiгi шектеулі серiктестiгi;

10) Төтенше орнына шұғыл әрекет жасау құрама отрядына кiретiн құралымдар жіберiледi жағдайлар жөнiндегi басқармасының қажеттiлiгi бойынша өрт.

Екiбастұз қаласы әкiмiнiң
2003 жылғы "5" қыркүйектегi
"Екiбастұз өңiрiнде өрт сөндiрудi
ұйымдастыру туралы"
N 593/9 қаулысына

қосымша

**Үлкен өртке қарсы күрес бойынша қалалық жедел штабының
ҚҰРАМЫ**

- | | | |
|--------------------|--|--|
| | | - қала әкімінің жедел шаруашылық мәселелері және коммуналдық сала жөніндегі орынбасары, жедел штабтың төрағасы; |
| 2 | С а д ы қ о в
Ақан Қабдылұлы | - Екібастұз қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарманың бастығы, жедел штаб төрағасының орынбасары (келісім бойынша); |
| 3 | С а д р а л и н
Манарбек Мәуиянұлы | - өртке қарсы мемлекеттік қызметінің үшінші мамандандырылған отрядының бастығы, жедел штаб төрағасының орынбасары (келісім бойынша); |
| Комиссия мүшелері: | | |
| 1 | Н а д т о ч и х
Геннадий Михайлович | - "Екібастұзсу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры; |
| 2 | В а р н а в с к и й
Виктор Иванович | - төтенше жағдайлар жөніндегі Екібастұз мемлекеттік техникалық инспекциясының бастығы; |
| 3 | Б а л т а б а й
Мейрам Рахатұлы | - тұрғын-коммуналды шаруашылық басқармасының бастығы; |
| 4 | П о п о в
Вячеслав Иванович | - қалалық телекоммуникация торабының директоры (келісім бойынша); |
| 5 | К и м
Гари Васильевич | - үшінші әскерилендірілген авариялық құтқару отрядының командирі (келісім бойынша); |
| 6 | Ергебаев Самат Әбділхамитұлы | - Екібастұз қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы (келісім бойынша); |
| 7 | Т о қ ж ұ м а н о в
Аманкелді Қырымзақұлы | - "Қазақстан Темір Жолы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Павлодар бөлімшесінің Екібастұз теміржол станциясының бастығы (келісім бойынша); |
| 8 | К о т о в
Николай Владимирович | - қалалық денсаулық сақтау бөлімі бастығының міндетін атқарушы (келісім бойынша); |
| 9 | Ф е д я е в
Николай Владимирович | - "Екібастұз жылуорталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша); |
| 10 | Х р и с т о с о в а
Ирина Александровна | - "Транссервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша); |
| 11 | Е р ғ а л и е в
Мырзағали Жылқайдарұлы | - қала әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары |